

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

(бұдан әрі — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, ҚМГ, Компания) Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы.

ҚМГ көмірсутекті барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды.

Көмірсутек қоры (2P)
707
млн тонна м.э

Мұнай мен конденсатты өндіру
22,0
млн тонна

Газ өндіру
8,2
млрд м³


Мұнайды тасымалдау
74,7
млн тонна

Көмірсутек шикізатын өңдеу
19,9
млн тонна

ГЕОГРАФИЯ



КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері:

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — Қор)

87,42 %

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

9,58 %

%, KASE және AIX биржаларында еркін айналымдағы акциялар
3 % құрайды

«Самұрық-Қазына» АҚ мен «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ арасында жасалған «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын сенімгерлік басқаруға беру туралы 2015 жылғы 12 қазандағы № 505 НБ/529-и шартына сәйкес Қор ҚМГ-нің барлық дауыс беретін акцияларына иелік етеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ – тәуелсіз қор, оның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. «Самұрық-Қазына» қорының миссиясы – Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қордың портфеліне мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсіптерінің, тау-кен кешендерінің, энергетика және жылжымайтын мүлік салаларының кәсіпорындары кіреді.